

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Электр қыл ара
FinePower Basic JSB400

Мазмұны

Сақтық шаралары	5
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік	5
Электр қауіпсіздігі	5
Жеке қауіпсіздік.....	5
Электр құралдарын дұрыс пайдалану	6
Электр қыл арамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары	7
Құрылғы сызбасы	8
Жинақ құрамы	8
Құрылғыны пайдалану	9
Жұмысқа дайындау.....	9
Құралды қосу/өшіру.....	9
Ара жүзін орнату және ауыстыру	9
Кесу бұрышын реттеу	9
Шаңды жою	10
Электр қыл арасымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар	10
Техникалық қызмет көрсету	11
Техникалық деректері	11
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату шарттары мен ережелері	12
Қосымша ақпарат	12

Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сапасына, функционалдылығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес өндіріліп жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны қолданар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ құрылғыны дұрыс пайдалану мен күту жөніндегі ұсыныстардан тұратын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап, өнімді пайдаланған кезде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Электр қыл ара ағаш, полимер және металл материалдарын түзу және қисықсызықты кесуге арналған.

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орнын таза ұстаңыз. Жұмыс жүргізілетін жерде тәртіптің сақталмауы немесе жарықтандырылмауы жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Жарылу қауіпі бар орынжайларда, яғни онда жанғыш сұйықтықтар, жанғыш газдар немесе шаң түзілген болса, бұл электр құралын қолданбаңыз. Пайдалану барысында, сондай-ақ оны қосқанда және өшірген кезде құралдан ұшқындар шығады, бұл шаң немесе будың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр құралын пайдаланған кезде балалар мен бөгде адамдарға жұмыс жүргізіп жатқан орныңызға жақындауына рұқсат етпеңіз. Сіз электр құралды бақылай алмауыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр құралының штепсельді ашасы штепсельді розеткаға сәйкес болуы тиіс. Штепсельді аша құрылымын еш өзгертуге болмайды. Қорғаныс жерлендіруі бар электр құралдарына өтпелі істікшелер қолданбаңыз. Өзгертілмеген штепсельді ашаны және сәйкесінше штепсельді розеткаларды қолдану электр тоғы соғу қаупін азайтады.
- Электр тоғы соқпауы үшін тиісті сақтық шараларын қолданыңыз. Құрал корпусының құбырлар, жылыту батареялары, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен жанасуына жол бермеңіз.
- Электр құралын жаңбыр мен ылғалдан қорғаңыз. Электр құралына су тисе, электр тоғының соғу қаупі артады.
- Құрал сымын басқа бір мақсатта, мысалы, электр құралын тасымалдау немесе ілу үшін немесе штепсельдік розеткадан ашаны тарту үшін пайдалануға болмайды. Сымды жоғары температура әсерінен, май, электр құралының өткір жиектеріне немесе қозғалмалы бөліктеріне тиюінен қорғаңыз. Сымның зақымдалуы немесе оралып қалуы электр тоғы соғу қаупін арттырады.
- Ашық ауада жұмыс істеген кезде тиісті ұзартқышты қолданыңыз. Далада жұмыс жүргізуге жарайтын ұзартқышты ғана қолданыңыз.

Жеке қауіпсіздік

- Абай болыңыз, әр қимылыңызға сақ болыңыз және электр құралымен жұмысты мұқият жоспарлап бастаңыз. Электр құралын шаршаған күйде немесе спирттік ішімдік, дәрі-дәрмек әсерімен пайдаланбаңыз. Электр құралдарымен жұмыс жасаған кезде зейіннің бір сәтке алаңдауының өзі ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Электр құралымен жүргізілетін жұмыс түріне байланысты жеке қорғаныс құралдарын: қорғаныс маскасы, табаны тайғанамайтын аяқ киім, қорғаныс шлемі және есту органдарын қорғау құралдарын пайдалану жарақат алу қаупін азайтады.

- Электр құралының байқаусыз қосылуына жол бермеңіз. Электр құралын электр қуатына қоспас бұрын электр құралы өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Құрал жалғанған ажыратып-қосқыштан ұстамаңыз.
- Қоспас бұрын электр құралындағы бекіткіш сайманды немесе сомын кілттерді алып тастаңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде қалған құрал немесе кілт жарақат алу қауіпіне әкелуі мүмкін.
- Денеңізді қалыпты күйге тән емес күйде ұстамаңыз. Әрқашан тұрақты және тепе-теңдікті сақтайтындай тұрыңыз. Солай сіз күтпеген жағдайларда электр құралын тиісінше бақылай аласыз.
- Тиісті жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кимеңіз және әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киім мен қолғапты қозғалмалы бөліктерге жақындатпаңыз.
- Шаңсорғыш және шаңжинағыш құрылғыларды орнату мүмкіндігі болса, олардың дұрыс қосылуын мен пайдаланылуын тексеріңіз. Шаңсорғышты қолдану шаң түзілуінен туындайтын қауіпті төмендете алады.
- Электр қуаты үзілген немесе электр құралы өздігінен өшкен жағдайда, пернесін дереу «ӨШІРУ» күйіне ауыстырып, ашасын розеткадан ажыратыңыз. Егер кернеу жоғалған кезде машина қосулы қалса, онда қуат қайта берілген сәтте ол өздігінен жұмыс істей бастайды, бұл дене жарақатына және/немесе материалдық шығындарға әкелуі мүмкін.

Электр құралдарын дұрыс пайдалану

- Электр құралына артық жүктеме салынбауы тиіс. Жүргізетін жұмыстарыңыз үшін тиісті электр құралын пайдаланыңыз. Сипаттамасы бойынша жарайтын электр құралын қолдансаңыз, көрсетілген қуат диапазонында жақсы және тиімді жұмыс жасай аласыз.
- Ажыратқышы зақымдалған электр құралды қолданбаңыз. Қосылмайтын немесе өшірілмейтін электр құралы қауіпті болады, оны жөндеу керек.
- Электр құралын жөндеу алдында, бөлшектерін ауыстырмастан бұрын және жұмысты аяқтаған кезде штепсельді ашаны желі розеткасынан ағытыңыз және/немесе аккумуляторын шешіп алыңыз. Бұл электр құралының кенеттен қосылуына жол бермейді.
- Пайдаланылмайтын электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Электр құралымен жұмыс істеуді білмейтін немесе осы нұсқаулықтарды оқымаған адамдардың пайдалануына рұқсат етпеңіз. Тәжірибесі жоқ адамдардың қолында электр құралдары қауіпті болады.
- Электр құралын, жабдықтарын, жұмыс құралдарын және т.б. осы нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз. Сонымен бірге жұмыс жағдайлары мен орындалатын жұмыстарды ескеріңіз. Электр құралдарды қарастырылмаған өзге жұмыстар үшін пайдалану қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Пайдаланылмайтын құралды құрғақ, жабық, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет! Осы нұсқаулықпен таныспаған тұлғаларға құралды пайдалануға рұқсат бермеңіз.

Электр қыл арамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары

- Қыл ара жоғары қуатты қозғалтқышпен жабдықталған. Төмен жүріс жиілігімен құралды үздіксіз пайдалану салқындату қарқынын төмендетеді, салқындатқыш ауа ағыны азаяды және қозғалтқышқа қосымша жүктеме тұғызады, бұл оның қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Жұмыс кезінде кесіліп жатқан дайындамада араның сыналануына жол бермеңіз. Біркелкі кесуге қол жеткізу үшін кесу материалына сәйкес жүріс жиілігін реттеңіз.
- Шеге үстімен аралауға жол бермеңіз. Жұмысқа кіріспес бұрын, дайындамада бөтен металдардың қосындылары бар-жоғын тексеріп, оларды алып тастаңыз.
- Қуыс құбырларды кесуді жүргізбеңіз. Өте үлкен көлемді дайындамаларды кеспеңіз. Жұмысқа кіріспес бұрын, кесу кезінде араның еден, жұмыс үстелі немесе басқа заттарға тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Қыл араны қолданар алдында ара материалдың бетіне тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз. Материалдан қыл араны шығармас бұрын, оны өшіріп, толық тоқтағанына дейін күтіңіз.
- Қабырғалар, едендер және басқа жерлерде кесу кезінде онда тоқ өткізетін заттар орналасуы мүмкін, құрылғының металл бөліктерін тиіспеңіз. Егеуіш электр тоқ өткізетін сымдарға түскен кезде, электр тоғы соғуын болдырмау үшін қыл араны тек пластик беттерінен ұстаңыз.
- Кесу аяқталысымен егеуіш және дайындама бетіне бірден тимеңіз. Олар өте ыстық болуы мүмкін және күйіп қалуыңыз ықтимал.

Құрылғы сызбасы



1. Бекіту батырмасы.
2. Тұтқа.
3. Кілт.
4. Қосу/өшіру батырмасы.
5. Жылдамдық режимдерінің реттегіші.
6. Шаң шығаратын түтік.
7. Сүйеніш табан.
8. Мөлдір қорғаныс экраны.

Жинақ құрамы

- Электр қыл ара.
- Ағашқа арналған ара жүзі.
- Алты қырлы кілт.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Құрылғыны пайдалану

Жұмысқа дайындау

Қызмет ету мерзімін ұзарту үшін құралды үздіксіз пайдаланбаңыз. Қызып кетудің алдын алу үшін қосулы күйінде 10-15 минуттан аспай істеуі қажет. Үзіліс кезінде құрылғы салқындауы тиіс. Қызу дәрежесі және салқындату мақсатындағы электр қыл ара қозғалтқышын тоқтату қажеттілігі органолептикалық әдіспен анықталады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген кернеуге сәйкес болуына көз жеткізіңіз.

Құралды қосу/өшіру

Құрылғыны қосу/өшіру батырмасы арқылы қосыңыз. Егер құралды іске қосқаннан кейін бекіту батырмасы басылса, қосу/өшіру батырмасы ҚОСУ күйінде бекітіледі. Құрылғыны өшіру үшін қосу/өшіру батырмасын басыңыз және жіберіңіз.

Ара жүзін орнату және ауыстыру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ара жүзін ауыстырмас бұрын қуат кабелін розеткадан суырған жөн.

Ара жүзін ауыстыру үшін:

- Қорғаныс экранын жоғарғы күйге жылжытыңыз.
- Алты қырлы кілтпен ара жүзінің ұстағышындағы екі бұранданы босатыңыз.
- Ескі ара жүзін алып, жаңа ара жүзін ұстағышқа салыңыз. Ара жүзінің тістері алға қарай бағытталуы қажет.
- Ара жүзін бекіту бұрандаларын қатайтып бұраңыз. Бекітіп бұрауды кезек-кезек жүргізу қажет: алдымен екі бұранданы да бұрап, содан кейін ғана соңына дейін қатайту керек.
- Қорғаныс экранын төменгі күйге жылжытыңыз.

Кесу бұрышын реттеу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Кесу бұрышын реттемес бұрын қуат кабелін розеткадан суырған жөн.

Қыл ара көмегімен материалды 45 градус бұрышқа дейін кесуге болады. Кесу бұрышын реттеу үшін:

- Жеткізу жиынтығында берілген алты қырлы кілттің көмегімен сүйеніш табан бекітпесінің болттарын босатыңыз.
- Сүйеніш плитаны сәл артқа жылжытыңыз және шкала көмегімен қажетті кесу бұрышына бұрыңыз (45 градусқа дейін).
- Сүйеніш табанды алға қарай жылжытыңыз және босатылған бұрандаларды қатайтыңыз.

Жүріс жиіліктерін реттеу

Жүріс жиіліктерін құрылғының қосу/өшіру батырмасындағы арнайы дөңгелектің көмегімен реттеуге болады. Алайда, ара жүзінің жылдамдығын жұмыс кезінде реттеу ұсынылмайтынын ескеріңіз.

Әр түрлі материалдарды кесу режимдерін оңтайландыру үшін аралау жүрісінің санын сәйкес мәнге орнату қажет:

- жұмсақ материалдарда — жоғары;
- қатты, берік материалдарда — төмен.

Шаңды жою

Құрал шаңды шығару түтігімен жабдықталған. Кесу орнын жақсы көру үшін әрдайым қосылған шаңсорғышпен жұмыс жасау ұсынылады (шаңсорғыш жиынтыққа кірмейді).

Ол үшін шаңсорғыштың сорғыш түтігінің ұшын (щеткасыз және ұзартқыш түтіксіз) құрылғы корпусындағы түтікке салыңыз, содан кейін шаңсорғышты қосыңыз; немесе басқа қолайлы сыртқы сорғыш құрылғысын қосыңыз.

Электр қыл арасымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар

- Жұмысқа кіріспес бұрын, кесілетін материалға алдымен аралау жүретін түзу сызық жүргізген жөн.
- Қыл араны бос жүрісте қосқан жөн.
- Жұмыс кезінде қыл араны қосымша күш жұмсамай қозғалту қажет.
- Жұмысқа кіріспес бұрын шаңсорғышты арнайы түтік арқылы қыл араға қосу ұсынылады.

Техникалық қызмет көрсету

- Электр қыл ара арнайы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.
- Құралдың ұзақ қызмет етуі үшін пайдалану, тазалау және сақтау бойынша нұсқаулықтарды орындаңыз.
- Желдету саңылауларын таза ұстаңыз. Кірлеген кезде қыл араны дымқыл матамен сүртіңіз. Құрамында хлор, бензин немесе еріткіштер бар өнімдерді пайдаланбаңыз, бұл құрал корпусының пластигін зақымдауы мүмкін. Тазалап болғаннан кейін құралды құрғақ матамен сүртіңіз.
- Құралдың барлық жөндеу жұмыстарын уәкілетті сервис орталығының білікті маманы, түпнұсқа қосалқы бөлшектерді қолданып жүргізуі тиіс.

Техникалық деректері

- Үлгісі: JSB400.
- Желі параметрлері: 220-240 В ~ 50-60 Гц.
- Қуаты: 400 Вт.
- Соташық жүріс жиілігі: 3000 жүріс/мин.
- Ағаш кесудің максималды тереңдігі: 55 мм.
- Металл кесудің максималды тереңдігі: 5 мм.
- Жылдамдықты реттеу.
- Салмағы: 1,56 кг.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе үнемі қайталап бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушіде және тұтынушыда ауа температурасы 5 °С-ден 40 °С-ге дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жылытылатын орынжайларда қаптамасында сақталуы тиіс. Орынжайларда коррозияға әкелетін агрессивтік қоспалар болмауы керек (қышқыл булары, сілтілер).
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Егер құрылғы ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті муниципалдық органға немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын компанияға хабарласыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзиньхуа Сантэк Түлз Ко., Лтд.
Ян ауылы, Цюаньси, Уи, Цзиньхуа қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкестігін міндетті растаудан өтті:

- ТР ТС 004/2011 «Төменгі вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламенті талаптарына сәйкес.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.2

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі бойы құрылғының үздіксіз жұмысына, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі сатып алынған күннен басталады және тек жаңа өнімдерге қатысты қолданылады.

Өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылып, кепілдік мерзімі ішінде оның істемей қалуы тұтынушы кесірінен болмаса, кепілдік қызметі бойынша ақысыз жөндеу немесе элементтерін ауыстыру ұсынылады. Жөндеу немесе элементтерді ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтары аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса, өнімге кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП-на (қашықтан басқару пульті) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғастырғыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі типтегі ақпарат сақтау құралдары, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және жинаққа енгізілген драйверлер (өнімнің қатты диск жетегінде алдын ала орнатылған БЖ қосқанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белбеулер, тасымалдау баулары, құрастыру құралдары, құрал-саймандар, өніммен бірге жеткізілетін құжаттар.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектер.



Келесі жағдайларда өндірушіге кепілдік міндеттемелері жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталса.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызмет мақсатында, сондай-ақ оның тікелей қызметіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, орнату және техникалық қызмет көрсету, қосу ережелерін (сонымен қатар өнімнің өзіне, онымен байланысты өнімдерге де электр желісінің сәйкессіз кернеуіне байланысты туындаған қысқа тұйықталу), өнімді сақтау және тасымалдау жөніндегі ұсыныстарды орындамау нәтижесінде өнім иесінің және/немесе үшінші тұлғалардың ықтимал материалдық, моральдық және басқа зиян шегуіне өндіруші жауап бермейді.
- Механикалық зақымдануына байланысты барлық жағдайлар: өнімді пайдалану кезінде алынған кетіктер, жарықшақтар, деформациялар, соққы іздері, ойықтар, майысулар және т.б.
- Жөндеу жұмыстарын жүргізуге өкілеттілігі жоқ тұлғалар өзге түрлендірулер енгізген, рұқсатсыз жөндеген болса. Егер ақаулық өнімнің құрылымы немесе схемасының өзгертілуі, өндірушімен қамтамасыз етілмеген сыртқы құрылғылардың қосылуы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан пайда болса.
- Егер өнім ақаулығы тежеусіз күш әрекеті жағдайларынан (табиғи апаттар, өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушінің бақылауынан тыс басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Өнімге бөгде нәрселер, бөтен денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлардың енуінен, агрессивтік орта, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындаған ақаулық, өнімнің толық немесе ішінара бұзылуына әкелген болса.
- Өнімнің сәйкестендірілуі (сериялық нөмірі) жоқ болса, әлде сәйкес келмесе. Егер зақымдалу (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен болса; құпиясөздерді (кодтар) орнату, өзгерту немесе жою салдарынан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігі жоғалып, өнімнің бағдарламалық ресурстары қолжетімсіз болса, себебі бұл бағдарламалық жасақтама жеткізушісі тарапынан мұндай қызмет қарастырылмаған.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигналдық қуаттың стандарттар немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен туындаса, соның ішінде жер бедерінің ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторларға байланысты, өнімді желі әрекет аймағынан тыс немесе шекара жерлерде пайдалану салдарынан болса.
- Егер зақымдалу стандарттан тыс (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (бүлінген) шығыс материалдары, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, қуаттандыру құралдары, түрлі ақпарат тасымалдағыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілер, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін мазмұнды (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар) қабылдау, орнату және пайдалану салдарынан туындаса.
- Осы өніммен бірге жұмыс істейтін басқа жабдыққа зақым келген болса.



